

4. Нурмагамбетова, Р.К. Движение Алаш и Алаш-Орда. Историография проблемы. 1920-1990 гг. XX века // Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова.
5. Артыкбаев, Ж.О. История Казахстана. – Астана, 2004. – 159 с.
6. Аманжолова, Д.А. Истоки национальной демократии. – <http://expertonline.kz/a1876/>.
7. Сравнительный анализ программы партии «Алаш» и Конституции Республики Казахстан. – <http://akuis.kz/index.php?cont=long&id=185&year=2011&today=29&month=08>.

*Ахметов, Т.Ә.,  
ғылыми жұмыс және стратегиялық  
даму жөніндегі проректор,  
ҚМПИ, Қостанай қ., Қазақстан*

## АЗАТТЫҚ – АЛАШ АРДАҚТЫЛАРЫНЫҢ АРМАНЫ

Адам да, құс та, аң да еркіндікті сүйеді. Қыран құс томағасын сыпырып жіберген сәтте-ақ қанатын еркін керіп, аспанға самғай ұшады. Тордағы тоты құс та, көгершіндер де көгін сағынып тыпыршып, босатар сәтті тағатсыздана күтеді. Бостандықты аңсау – табиғат заңы.

Қазақ – кең далада, ашық аспан астында тулатып тұлпар мініп, желмен жарыса шауып еркін өскен халық. Сондықтан, оның бойындағы туа бітті қасиеттерінің бірі – еркіндікке, кеңдікке, теңдікке ұмтылыс. Сол еркіндік, кеңдік, теңдік үшін күрес.

Сонау XV ғасырда өмір сүрген Асан Қайғы атанып кеткен Хасан Сәбитұлы (1361-1370 ж.ж.):

Қаз-үйрегі болмаса,  
Ата-жұрты бұқара  
Айдын-шалқар көл ғаріп.  
Өз қолында болмаса,  
Мүритін тауып алмаса,  
Қанша жақсы болса да,  
Азғын болса пір ғаріп.  
Қайратты туған ер ғаріп [1],

– десе, сол XVI ғасырда өмір сүрген Доспамбет жырау:

Айналайын Ақ Жайық,  
Етік қылар күн қайда,  
Ат салмай өтер күн қайда  
Күдеріден бау тағып,  
Еңсесі биік боз орда  
Кіреуке киер күн қайда,  
Еңкейе кірер күн қайда,  
Күмбір-күмбір кісінетіп  
Қара бұлан терісін  
Күренді мінер күн қайда? [2],

– деп қолына қоңыраулы найза ұстап, елін еркіндікке, теңдікке бастады. Махамбет Өтемісұлы (1804-1846ж.ж.): «Ереуіл атқа ер салмай, егеулі найза қолға алмай ерлердің ісі бітпейтінін», еркіндік өздігінен келмейтінін айтса, Мұрат Мөңкеұлы (1845-1906 ж.ж.): Еділді тартып алғаны –

Жағаға қолды салғаны,  
Етекке қолды салғаны,  
Ойылды тартып алғаны –  
Жайықты тартып алғаны –  
Ойындағысының болғаны [3],

– деп Ресей отаршылдарының басқыншылық іс-әрекетін ашық көрсетіп, өршіл рухты жырларымен отандастарына күш-жігер беріп отырды.

Шындығында да Шыңғысхан ірге тасын қалап кеткен алып ел Алтын Орда ыдырап, оған үш жүз жыл бағынышты болған орыс империясының күні туды. Ресей Сібірді, Қырым, Қазан, Астраханды жаулап алып, басыбайлы бодан етті. Ақмола, Ақтау, Көкшетау, Қызылжарда, Торғай, Ақтөбеде әскери бекіністер бой көтеріп, қазақ елі темір құрсауда қалды. Ертіс пен Елек өзені бойларындағы шұрайлы жерлерді орыс-казактар иемденіп, қазақтың өрісі тарыла түсті. Дүркін-дүркін қақтығыстар, қарулы көтерілістер болып, ол XVIII ғасырдың 80-90 жылдарынан XIX ғасырдың ортасына дейін жалғасты. Сырым Датов, Қаратай сұлтан, Исатай-Махамбет, Жанқожа, Саржан, Кенесары-Наурызбай басқарған көтерілістер соның айғағы. Отаршылдыққа қарсы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы 1917 жылғы ақпан революциясына ұласты. 1917 жылы 25 ақпанда екінші Николай патша тақтан түсті. Бұл оқиға Ресей қол астындағы барлық халыққа ерекше қуаныш әкелді. Қазақ жұртын да ғасырлар бойы аңсап күткен «Бостандық», «Теңдік» деген ардақты да аяулы асыл сөз тебіреніп, газет-журналдарымыз дүниені дүр сілкіндірген жағымды жаңалықты жарыса жазып жатты. Алайда бұл төңкерістің бағыт-бағдары, ұлтымызға тигізер пайдасы қандай, ол жағы әлі де көмескі еді. Білетіндердің өздері де екі ұдай пікірде болып, жаңа уақытша үкіметтен үміт күтті.

Халықты әрі үмітті, әрі күдікті кезеңнің тығырығынан шығарып, жаңа жолға бастауды ойлаған қазақ зиялылары 1917 жылдың 1-ші сәуірінде Орынбор қаласында тұңғыш қазақ съезін шақырды. Бұл съездің мәнісі жайында М. Дулатов «Қазақ съезі» деген мақаласында егжей-тегжейлі түсіндіріп, бостандықтан айрылып қалмау үшін бірлік, тірлік қажет болатынын, халықтың мұң-мұқтажын кеңесе, келісе отырып шешіп, не пайдалы, не пайдасыз екенін ұғындыра баяндап, пайдалысын жүзеге асыруға үндейді.

Съезде көтерілген мәселелер, қабылданған қаулылар қағаз бетінде ғана айтыла салған жел сөз болып қалмай, іске асуы керектігін баса ескертеді: «Олай болсаң ел-жұрт бола алмаймыз. Өз ісімізді өзіміз басқара алмасақ, бізді біреу келіп түзетер деген адасқандық. Әр жұрт бұл күнде өз қамын ойлап жатыр, әркім өз аты бәйгеден келуіне, өзі шыққан тауы биік болуына жанталасып қызмет етіп жатыр. Біз де солардан қалмалық. Оян, жұрт, талпын, жұрт, қамдан жұрт!» [4], – деп бірлікке, нақты іс-қимылға шақырады.

Алыс-жұлыс, аласапыран осы бір кезеңде Ресей мемлекетінің қарамағындағы «бұратана» саналып келген ұлттар өз алдына отау тігіп, жеке ел болуды көздеп өз автономияларын құра бастады.

1917 жылдың 21-26 шілдесі аралығында Орынборда өткен жалпы қазақ съезі саяси партия құру жөніндегі қаулы қабылдап, оның бағдарламасын жасауды Петроградтағы Шорай ислам (Шұра-и-ислам) ұйымы 1917 жылдың сәуірінде құрылған. Мақсаты – мұсылмандардың мүддесін қорғап, мемлекеттік орындарға мұсылмандар өкілін кіргізу болатын. Олар бұл тапсырылған істі кешіктіргеннен кейін «Қазақ» газеті «Алаш партиясы» деген мақала жариялап, партия атын «Алаш» деп атауды ұсынды.

1917 жылдың 21 қарашасында «Қазақ» газетінде «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы жарық көрді.

«Қазақ» – қоғамдық-саяси және әдеби газет еді. 1913 жылдың 2-ші ақпанынан бастап Орынборда аптасына бір рет, 1915 жылы аптасына екі рет шығып тұрған бұл газет – ұлт азаттығы мен мәдени ағарту жолында үлкен қызмет атқарған жол басшы, саяси үні батыл басылым болды.

«...газета – ғұмыр айнасы: ғұмырда не болса – бәрі газетадан көрініп тұрады. Газетаны оқып жұрт өзін-өзі көреді, өзін-өзі танып біледі... Кітап жазып, газет-журналға мақала шығарып, Алашқа қызмет қылмасақ, басқа жол бөгеулі» [5], – деп Әлихан Бөкейханов айтқандай, қазақ зияларының газет шығарудағы негізгі мақсат-мүддесі – басқа халықтардан кем болмау үшін төл әдебиетіміз бен мәдениетімізді өркендетіп, ел рухын тәрбиелеу еді. Ол үшін ұлттық рухты қалыптастыратын білім мен ғылымға, мәдениет пен өнерге ерекше көңіл

бөлі. Алаш автономиясы кезінде де (1917-1919, 1920 ж.ж.) қазақ зиялылары руханият мәселесін бірінші кезекке қойды.

Газеттің бас жазушысы (редактор) Ахмет Байтұрсынов, шығарушысы (издатель) Мұстафа Оразаев болды. Ұлт зиялылары осы газет төңірегіне топтасып, мақалалар жазып тұрды. Газет қазақ өмірінің бар саласындағы ең ділгір мәселелерге көңіл бөліп, оны көтеруді ойластырды. Әсіресе, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов мақалалары сол тұстағы заман талабына сай, халық мүддесін көздеген, айтары, үйретері мол дүниелер еді. Өйткені, олар әр түрлі мамандық иелері бола тұра тарих, әдебиет, өнер, тіл, мәдениет, ағарту ісі, баспасөз, мәдениеттану салаларын жүйелі түрде, ғалыми негіздей отырып, үлкен мәселе деңгейіне көтерді.

Әлихан Бөкейханов: «Рухани мәдениеттің бір белгісі жұрт баласына жалпы оқу, газета, кітап оқып, ғылым жолын тану, қол жеткені ғылым жолында ізденіп адам баласына жақсылық жол ашу. Рухани мәдениет жолындағы алдыңғы басқыш бастауыш мектеп» [6] – десе, Ахмет Байтұрсынов: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» [7], – деп түйіндейді. Олардың ойын Міржақып Дулатов: «Матбұғаты, әдебиеті, тарихы жоқ елді саналы елдердің бірі деуге болмайды. Құдайға шүкір, бізде жоғарғы елдің белгілері соңғы жылдарда көріне бастады» [8], – деп қуаттайды.

Алаш қайраткерлері тәуелсіз ел болып, ұлттық құндылықтарымызды, әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізді, дініміз бен тілімізді сақтап қалу жолдарын ойластырып, сол үшін күрескен. Елбасымыз Н. Назарбаев тәуелсіздігімізді баянды ету жолында біртұтас елді қалыптастыруды көздеп: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек», – деген ойлы да, аса маңызды пікір білдіреді.

Ұлттық код – тіл. Діл-дініміз, тіліміз, әдет-ғұрып, салт-дәстүріміз, бір сөзбен айтқанда, бар болмысымыз, ұлттық бейнеміз. Бұл ой тоғысы – ұлт қамын жеп, береке-бірлігі, ырыс-ынтымағы жарасып, ризығы тасыған, ел болуды ойлаудан ұлы мақсат бірлігінен туындаған ұқсастық. Айырмашылығы – Алаш қайраткерлері ұлттық сананы қалыптастыруды ойлап, ол үшін руханиятымызды өркендетуді қарастырса, Елбасы Н. Назарбаев сол бойға сіңген ұлттық сананы жаңғыртып, оның жаңаша түлеуіне, өркен жайған мәдениетіміз бен әдебиетіміздің одан әрі дами түсуіне бағыт-бағдар сілтейді.

«Алаш», «Алты алаш» – қазақ, қырғыз, өзбек, түрікпен, башқұрт, қарақалпақ секілді тілі мен діні бір, салт-дүстүрлері мен әдет-ғұрыптары тамырлас халықтардың бірлестігі. Сол халықтардың ел болып бірігуін, болашағын ойлаған «Алаш» партиясы мен «Алаш» үкіметі еді. Бар мақсаты – азаттықты аңсап, еркіндікке қол созуы, жеке мемлекет болуды көксеуі. Алайда Кеңес үкіметі «Алаш» деген сөзге үрке қарап, оны ауызға алған адамды ұлтшылдар қатарына қосты.

Саяси күрестегі бағыт-бағдарламалары, жолдары түйіспеген «Алаш» партиясы мен «большевиктер» партиясы арасындағы идеялық тартыс екі партия құрылғанға дейін бір халықты бай, кедей деп екіге бөлуден басталғаны белгілі. Оны 1916 жылғы Ресейдің империалистік соғыстың қара жұмысына қазақтан әскер алу жарлығы шығып, ел дүрліккен кезде «Қазақ» газеті беттерінде жарық көрген мақалалардан аңғару қиын емес.

Алаш арыстары бүкіл қазақты большевиктер секілді бай, кедей деп топқа бөлген жоқ. Қазақтың бәрін бірдей көріп, ел бірлігін ойлады. Алаш қайраткерлерінің іс-әрекетін үкімет басқарған Сәкен Сейфуллин жоғары бағалап, оларды қазақтың нағыз жанашырлары, патриоттары, ел басқарар ұлы тұлғалары деп таныған. Ол «Еңбекші қазақ» (02. 02. 1923 ж.) газетінде былай деп жазды: «Ахмет Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі, оқығандардың арасынан өз заманында патшаның арамқұлықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, даусын шығарған кісі... Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей, намысын бірге жыртып, арын бірге жоқтады. ... Өзге оқыған

замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар һәм имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен... Ахмет Байтұрсынұлы – ұлтын шын сүйген ұлтшыл. ...бірақ байын, кедейін айырмай, қазақты ғана сүйетін адал жүрек таза ұлтшыл».

«Қазақ» газеті соғыстың қара жұмысына қазақтардан адам алады деген сыбыс естілісімен-ақ қатты алаңдаушылық білдіріп, жиі мақалалар жазып тұрды. А. Байтұрсынов «Петроград хатшы» деген ортақ тақырыппен берілген «Солдат алар ма?», «Не істеуге», «Тағы да не істеуге?», «Мұсылман фракциясына» мақалаларында қара жұмысқа қазақтар алынған жағдайда олардың жай-күйі қандай болатыны сараланады. Мәселен, «Солдат алар ма?» мақаласында халыққа жанашырлықпен үкімет саясатын, Думада қаралған мәселелерді, заң, құқық, әскер жайын талдап түсіндіреді. Қазақтардан әскерге адам алу туралы заң жобасы шықты деген қауесеттің өтірік-шынын анықтау үшін Петроградқа бес-алты адам барып, депутаттар арқылы білгенін, шындығында заң жобасы жоқ екенін, газеттердің жазғаны өтірік болып шыққанын егжей-тегжейлі баян етеді. Дума депутаттары бұл заңның шығуын онша қажет етіп отырмағанын, өйткені қазақтардан солдат алынса, 21 жастағылар ғана алынатынын, олардың саны 20-21 мыңнан аспайтынын, бұл мүлде аз екенін, орыс тілін білмейтін қазақтарды соғыс өнеріне үйрету де қиын соғатынын тағы да тәптіштей жеткізеді. Сөйтіп, қазақтан алынған әскердің берекесі аз, бейнеті көп екендігін дәлелдейді. Соғыс кезінде берекесіз жұмыспен соғыс министрінің әуреленуге «уақытым жоқ» деген сөзін «құр әшейін айтқан сөз деп жоруға болмайды» деген ой қорытады.

М. Дулатовтың «Г. Дума һәм солдаттың мәселесі» мақаласында қазақтан солдат алады деген сыбыс бар екенін, бірақ қазақтардың қамсыз жатқандарын, жас шамасын анықтайтын қолдарында туу туралы куәліктерінің де жоқтығын, соғыс кезінде солдат алу мүмкін еместігін, Думада бұл мәселені қатесіз шешу үшін қазақ жайын білетін депутаттардың аздығын бұрын да жазғандарын ескертеді. «Бірақ газет жүзінде ғана жазылған сөз, айтылған тілек тиісті орындарға өздігінен жетпейтіні белгілі» [9], – деп бұл іспен айналысып жатқан ешкімнің жоқтығын, әскер алу үшін қазақ халқының тілегі мен пікірін біліп, Думаға жеткізу үшін облыстардан бірер өкіл шықпаған соң Думаның ашылуына қарсы болып Самарадан Ә. Бөкейханов, Орынбордан А. Байтұрсынов, Ақтөбе уезінен Н. Бегімбетов 3-ақпанда Петроградқа жүріп кеткенін жазады.

Қазақтан қара жұмысқа солдат алуға қазақ даласының әр тұсынан жиналған пікірлердің бір ізден шығып тұрғаны көрсетіліп, олардың мақсат-мүдделерін автор жинақтап, шашыратпай, санамалап көрсетеді. Ол пікір – әскер алмау, алудан бұрын туу туралы куәліктерін түзеу, алынған күнде атты әскерлерге алынып, орыстармен тең құқықта болу.

Екі мақала да әділ, дәлелді, сауатты, қарапайым тілмен түсінікті етіліп, сөз болған әр мәселе талданып жазылған. Ертеңіміз не болады деп елендеп отырған ел үшін жаңалығы жетерлік: пікірі мен мақсаты халық мүддесімен ұштасып жатыр.

Маусым жарлығы шыққаннан кейін 5 айдан соң жазылған А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Кәдірбаев, М. Тұңғашин қол қойған «Торғай һәм Ырғыз уезінің халқына» мақаласында жарлыққа көнбей, қарсылық білдірген Түркістан сарттары мен Жетісуға қараған қырғыз халқын патша әскерінің қырғынға ұшыратып амалсыз көндіргенін айтып, халықты майданға қара жұмысқа әскер беруге шақырады.

Бұл оқыған, саяси сауатты, көргендері көп азаматтардың жанашырлық іс-әрекеті еді. Зеңбірек, пулемёт, мылтықпен қаруланған жазалаушылар отрядына айыр, күрек, қылыш, шиті мылтық ұстап қарсы тұру Донкихоттықпен бірдей болатын. Мұны кезінде большевиктер жағы халыққа «Алашорда» партиясы патша үкіметін жақтады деп қате түсіндіріп бақты. Шындығында, бұл жол қырып-жоюға соқтырмайтын ең тиімді жол еді.

1917 жылы Қазан төңкерісі жеңіске жеткенімен де, Қазақстанда азамат соғысы жүріп жатты. Ақтар мен қызылдардың қақтығысы халықтың берекесін кетіріп, қажытып жіберді.

Қара халық патшаның зорлық-зомбылығынан құтылдық деп төңкерісті қуана қарсы алғанымен, оның саясатынан мүлде бейхабар еді. Оларды «жұмысшылар мен шаруаларға,

кедейлерге қамқормыз, желейміз, жебейміз» деген ұрандар еліктіріп әкетті. Оның үстіне зорлық-зомбылық етек алып, халықты еріксіз мойындауға мәжбүр етті.

Бұл төңкеріс жалпы ұлттық емес, жұмысшылар мен шаруалардың ғана мүддесін қорғаған таптық революция екендігін түсінген А. Байтұрсынов 1918 жылы «Асығу керек» атты мақаласында: «Біз тізгінімізді өзіміз алып, өз ұлтшылдығын өзі сақтайтын жұрт болу үміті үстінде тұрмыз... Келген дәуірдің амал-ісін танып, қадірін біліп қайталанбай қалып соңынан өкініп жүрмелік. Өткен дәуір, өткен өмір сияқты бір келген күйінде қайта айналып келмейді. Осы жағын естен шығармай тез іске кірісу керек» [10], – деп жазған болатын.

А. Байтұрсыновтың бұл пікірін біреу қолдаса, біреу қолдамады. Өйткені, ол кезде оқыған азаматтар аз еді, оқығандардың ниеттері түзу болғанымен, көбісі ақ-қараны ажырата алмады.

Алаш азаматтары дұрыс жолды таңдап, әділдігін айтып, ақиқатқа жүгінгенін өмір көрсетті.

Қорыта айтқанда Алаш идеясының маңыздылығы мынада:

Бірінші. Көшпелі салт-дәстүрді ұстанған қазақ халқының санасы, өмір сүру мазмұны рулық-тайпалық деңгейде болды. Алаш қайраткерлері оқу-білім, саяси іс-әрекеттер арқылы халықтың ой-санасын ұлттық деңгейге көтерді.

Екінші. Алаш дәуірі Ресей империясы қазақ даласын отар елге айналдырып, халықтың мойнына отаршылдықтың қамытын кигізіп, ой-санасына құлдық психологияны еріксіз сіңіріп, бүкіл бір елді мемлекеттігінен айырған себепті, қазақ зиялылары өзін-өзі басқару, бөлек мемлекет болуға деген ұмтылысы бәсеңдеп, үміті сөне бастаған кезең еді. Алаш қайраткерлері осыған қарамастан жұрт санасына егемен ел болу, жеке дара мемлекет болу идеяларын көтерді.

Алаш қайраткерлерінің осыдан бір ғасыр бұрын айтқан ой-пікірлері Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» еңбегімен үндесіп, үйлесім тауып жатқандығы айқын.

Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан – Алаш ардақтылары армандаған, бостандық жолында өмірлерін қиған мемлекет.

### Әдебиет тізімі

1. Сәбитұлы, Х. Асан қайғы. Бұл заманда не ғаріп? Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. – Алматы: Жазушы, 1989. –Т. 1. – 25 б.
2. Доспамбет. Айналайын Ақ Жайық. Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 1. – 33 б.
3. Мөңкеұлы, М. Еділді тартып алғаны. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. Қазақ университеті. 2001. –Т. 1. – 323 б.
4. Дулатов, М. Қазақ съезі // Қазақ, 1 сәуір. – 1917.
5. Бөкейханов, Ә. Ашық хат // Қазақ, 1915. – № 94.
6. Бөкейханов, Ә. Рухани мәдениет қарауынан // Қазақ, 1915. – № 118.
7. Байтұрсынов, А. Ұлт рухы: қанатты сөздер. – Алматы, 2015.– 28 б.
8. Дулатов, М. Ұлт матбұғаты // Қазақ, 10 сентябрь, 1918. – № 2. – 64 б.
9. Дулатов, М. Г. Дума һәм солдаттың мәселесі // Қазақ, 9 февраль. – 1916.
10. Байтұрсынов, А. Асығу керек // Абай журналы. – № 7. – 1918.

*Байдалы, Р.Ж.,*

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
тарих мамандағының PhD докторанты  
Астана қ., Қазақстан*

### АЙДАРХАН ТҰРЛЫБАЕВТЫҢ ҰЛТТЫҚ-САЯСИ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

А. Тұрлыбайұлы 1877 жылы 25 тамызда бұрынғы Ақмола облысы, Көкшетау уезі, Мезгіл болысы №1 ауылында дүниеге келген. Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша